

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім болімінің «Жалпы білім беретін  
М.Өтемісов атындағы орта мектеп» КММ**

**Хаттама №1**

13.09.2021 ж.

**Жиналыстың өткен орын:** Зумм платформасы арқылы өткізілді.

Қатыскандар-9  
Қамқоршылық кенес мүшелері.

Г.Батырбаева

Г.Ескайырова

Г.Мукашева

Г.Дүйсенова

С.Шемшиденова

А.Тасболатова

А.Сакпаров

А.Ермұратова

М.Зулкашева

**Шақырылғандар:** Г.Күзекешова

Қамқоршылық кенес хатшысын ұсыну сұралып, жиналыс хатшысына А.Баймұханована  
бірауыздан макұллады.

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оку жылына Қамқоршылық Кенесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық Кенес мүшелерінің міндеттерін болу.
3. 2021-2022 оку жылына мектептің Қамқоршылық Кенесінің жоспарын бекіту.
4. Материалдық-техникалық базаны күшету мәселелерін шешу үшін мектептің материалдық-техникалық базасымен танысу.
5. Республикалық, қалалық және мектепшілік іс-шараларына мектептің Қамқоршылық Кенесі мүшелерінің катысуы.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2021-2022 оку жылына Қамқоршылық Кенесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру бойынша Г.Күзекешова сөз алды. Ібылтырғы 2020-2021 оку жылында, маусым айында өткен «**Қамқоршылық**» Кенесінің отырысындағы ұсыныс негізінде, жаңа құрамды сайлау үшін кенес мүшелерімен пікірламасты. Соңдай-ақ, ата-аналар арасында белсенділікке ие болып жүрген, мектеппен тығыз қарым-қатынастагы, жас ата-ана ретінде Г.Батыргалиеваны «**Қамқоршылық**» Кенесінің төрайымы, Г.Ескайырова-кенес төрайымы орынбасарлығына ұсынылды.**Ұсыныс бірауыздан макұлданы.** Сонымен катар, маусым айындағы отырыс барысындағы ұсыныс негізінде қамқоршылық кенесінің мүшелерін тағайындалап, Кенес ережесімен таныстырып өтті. 2021-2022 оку жылынан бастап, жеке мәселелеріне байланысты, өз өкілеттілігін Г.Батырбаевага тапсыратындығын және жүйелі жұмыстар атқарады деп улken сенім артатындығын атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша кенес төрайымы «**Қамқоршылық**» Кенес мүшелерінің міндеттемелерімен, жұмыс мазмұнымен таныстырыды. Қамқоршылық кенесінің жұмысы ҚР Білім және гылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру үйимдарында қамқоршылық кенестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

3. 2021-2022 оку жылына мектептің Қамкоршылық Кенесінің жоспарын бекіту үшін кенес кұрамы, жаңа оку жылында атқаратын жұмыстардың мазмұнына токталды. Соның ішінде, әлеуметтік қоргалуға жататын отбасы балаларына көмек ұйымдастыруды жоспарлы түрде жүзеге асыру керектігін атады. Жоспар бойынша «Карантиндік талаптар» негізінде білім алыш жатырган оқушылардың, мектеп кабыргасындағы жәй-күйін анықтау үшін, бакылау жұмыстарын жүргізу керектігін атап өтті.
4. Құн тәртібіндегі тәртінші мәселе бойынша кенес төрайымы «Материалдық-техникалық базаны күшейту және мәселелерін шешу» барысында мектептің материалдық базасымен танысып шыққандығын атады. Мектеп гимараты жаңа болғандықтан, мектептің материалдық базамен қамтылуы жаксы деңгейде екендігін атады. Сонымен катар, комакты қаражатты жинақтау үшін арнайы қоғамдық кор құру және Занды түрде тіркелу керектігін атады. Осы түрғыда 2019 жылы «Атырау облысы Әділет департаментіне «Батыр» қоғамдық корын тіркеу үшін арнайы құжаттар жинақталып, жіберілгендігін атап өтті. Нәтижесінде, Атырау облысы Әділет департаменті тарапынан №176 бұйрық негізінде «Батыр» қоғамдық корын тіркеу мерзіміне үзіліс жариялау туралы хат келгендей, мәселенің онтайлы шешілмегендігін айтты.
5. Республикалық, калалық және мектепшілік іс-шараларға мектептің Қамкоршылық Кенесі мүшелерінің катысуын камтамасыз ету үшін, кенес төрайымы Г.Күзекешова мектеппен байланысты күшейту керек екендігін атап өтті. Былтырғы оку жылында «Әкелер» кенесі төрагасы F.Аймұханов калалық «Әкелер» семинарына катысып, алғыс хатка ие болғандығын мактандышип айтты. Демек, ата-аналар тарапынан мектеппен байланыс мықты болса, жүйелі жұмыстар нәтижелі болатындығын айта келіп, жаңа оку жылында кенес мүшелеріне сәттілік тіледі.

**Сойлеу:**

**1. А.Сакпаров-қамкоршылық кенес мүшесі.**

-Бұтінгі күн тәртібіндегі мәселелерді кенес мүшелері болып талқыга салып, онды шешімдер кабылдадық деп есептеймін. Кенес төрайымына, өткен оку жылындағы ұсыныс ретінде Гаянап Лұқпанғалиқзыны тағайындауды жөн көрдік. Гаянап Лұқланғалиқзызына зор сенім артамыз және жүйелі жұмыстарды бірлесе отырып, ұйымшылдықпен атқарамыз деген үміттемін.

**2. Г.Ескайырова-кенес мүшесі.**

- Кенес барысында қаралған барлық мәселелер он шешімін тапты деп есептейміз. Алдагы уақытта да нақты шешімдер кабылданап, мектеп және балаларымыз үшін, аяnbай жұмыстанамыз деп есептейміз.

**Құн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, томендеңгідей шешім қабылданды:**

**1. 2021-2022 оку жылына «Қамкоршылық» кенесінің құрамы томендеңгідей бекітілсін:**

1. Г.Батырбаева-кенес төрайымы.
2. Г.Ескайырова-кенес төрайымы орынбасары.
- 3.Г.Мукашева-кенес мүшесі
- 4.Г.Дүйсенова-кенес мүшесі
- 5.С.Шәмшиденова-кенес мүшесі
- 6.А.Тасболатова-кенес мүшесі
- 7.А.Сакпаров-кенес мүшесі
- 8.А.Ермұратова-кенес мүшесі
- 9.М.Зулкашева-кенес мүшесі

2. Қамкоршылық Кенес мүшелерінің мәндептері ережеге сәйкес атқарылсын және қадағалау жұмыстарын кенес төрайымының орынбасары Г.Ескайыровага міндеттелсін.
3. 2021-2022 оку жылына мектептің Қамкоршылық Кенесінің жоспарын бекітіп, жоспарға сай жүйелі жұмыстар атқарылуын қадағалау кенес төрайымы Г.Батыргалиевага міндеттелсін.
4. Мектептің материалдық-техникалық базасын күштейту жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында, демеушілермен келіссөздер жүргізу жұмыстары қолға алынын.

5. Республикалық, қалалық және мектепшілік іс-шараларына мектептің Қамкоршылық Кенесі мүшелерінің уақытында қатысуын қадағалау кенес төрайымының орынбасары Г.Ескайыровага міндеттелсін.

Жиналыш төрайымы:  Г.Кузекешова

Жиналыш хатшысы:  А.Баймұханова

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің  
«Жалпы білім беретін М. Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

**Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс жиналысының хаттамасы**

03.11.2021 ж

**Атырау қаласы**

**Қамқоршылық кеңес төраймы:** Батырбаева Гаухар

**Хатшы:** А. Баймұханова

**Қатысқандар:**

**Қамқоршылық кеңес мүшелері:**

Г. Ескайырова

Г. Мукашева

М. Зулқашева

Г. Дүйсенова

С. Шәмшиденова

А. Ермұратова

**Қатыспағандар:**

А. Сақпаров

А. Тараболатова

**Шақырылғын:** Жалпы білім беретін «М. Өтемісов атындағы орта мектеп» бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат: Хисин Наурызбек Нурназарович

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 акпандығы №57 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшыларын конкурстық үйымдастыру және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру үйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қагидалары» бүйіркы негізінде «М. Өтемісов атындағы орта мектеп» бойынша бос директорлық лауазымға кандидатты ұсыну.

**1. Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшесі Г. Батырбаева мәлімдеме жасап, кеңес отырысы мүшелерімен кандидаттық үміткерді таныстыруды.

-Мектеп директорының бос лауазымдық орнына кандидаттық үміткер Хисин Наурызбек Нурназарович түсіп отыр.

Хисин Наурызбек Нурназарович - 15 наурыз 1982 жылы туған. 2005 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарих және география факультетін бітірген. Білімі – жоғары. Педагогикалық еңбек өтілі – 17 жыл, бірінші санатты. Басқару қызметіндегі еңбек өтілі – 2 жыл 8 ай, тәртіптік жазалары жок, сottalmagan.

Алдымен сөз кезегін кандидатқа ұсынайық, өзінің мектепті дамытуда қандай перспективалық жоспары бар екенін танысып шықсақ:

**Сөйлеушілер:**

1. Хисин Наурызбек Нурназарович:

-Қайырлы күн, күрметті кеңес мүшелері, бүгінгі мектепті дамытудағы перспективалық жоспарымдағы менің алға қойған басты мақсатым білім сапасын жаңғырту жағдайында мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді жетілдіру, білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасау, әр білім алушының қабілеттін ашуда қолайлы білім беру ортасын құру, мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, мектеп қоғамдастырып, бірлескен жұмысқа тарту арқылы мектепке он өзгерістер енгізуі басты назарда ұстап отырмын.

Мектепті дамытуда ең алдымен алдыма мынадай мақсат қойдым: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін білім берудегі кешбасшылық арқылы дамыту, окушының әлеуетіне сай күндылықтар негізінде оку мен оқытудың сапалы жүйесін құру. Іс-әрекетті бастауда зерттеу арқылы оқыту мен оку тәжірибесін қалай жетілдіруге болады? -деген сауал мені толғандырды. Мектепті қалай дамытамын? Нени өзгерту керек? Қалай өзгертуге болады? -деген нақты сауалдармен кадамдар жасай отырып мектепті дамытудың болжамды нұсқасын дайындауды. Ол үшін ең алдымен мектепті дамытудың негізгі төрт кезеңнен бастауды негіздеймін:

**1. Оқыту мен окуға жетекшілік ету-бұл жерде ең басты индикатор-білім алушы болғандықтан, білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасауда мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылауды басты назарда ұстасу**

**2. Өзімнің дамуым және басқаларды дамыту:**

-Білім беру жүйесін басқаруда заманауи басшының басқару дағдыларын жетілдіру, кешбасшылық пен белінген кешбасшылықты колдану, мектепшілік менеджмент қағидаттары мен заңдылықтарына негіздеу

**3. Жетілдіру, инновациялар мен өзгерістерді енгізуге жетекшілік ету:**

Бұл орайда, ұжымда коллаборативті орта жасау арқылы педагогтардың өзгеріс үдерісіне қатысуына ықпал ету, оқыту мен оку үдерісіне инновациялық, әлеуметтік жобаларды енгізу, табысты идеяларды іске асыруда халықаралық тәжірибелерге сілтеме жасау

**4. Жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту:**

Мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылау және эвалюациялау арқылы әр жұмыстың өн бойында сапаны бағалап отыру  
Бұл бағытта мектепті дамыту жоспарымда басты басымдығыкты 7 бағытта жоспарлап отырмын:

1. Сапалы білім алуға жағдай жасау. Оқыту мен оку, бағалау;
2. Кешбасшылық және басқару;
3. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылығын дамыту;  
Дарынды оқушылар мен ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуына үйлесімді қолайлы орта қалыптастыру.
4. Көпмәдениетті кеңістіктеге даму үшін жағдай;
5. Білімнің коллежімділігі-мектептің материалдық базасын нығайту;
6. Педагогтардың біліктілігін арттыру. Кәсіби құзіреттілігін дамуы;
7. Мектеп мәдениеті және серіктестік;

Өрі қарай үміткер Н. Хисин мектепті дамытуда жеті қадамның негізгі іс-әрекеттің жоспарлы таныстыра отырып, әр жұмыстың бес жылдық болжамды нәтижелерін белгілі бір уақыт негізінде жоспарлау, ұйымдастыру, іс-әрекетті үйлестіру, ынталандыру және бақылау арқылы нәтижеге жету көрсеткіштерін нақты қол жеткізетін белгілі бір уақыт аралығында орындауды сапамен байланыстырып

тәнисстырып шықты.SMART мақсатқа негізделген перспективалық жоспарының жаңа форматымен тәнисстырды.

**Сөйлеушілер:**

**Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныс-шікірлері:**

**1. Г. Ескайырова:**

-Мектептегі ерекше білімді қажет ететін окушылармен қандай жұмыстар жүргізіледі және болашақта осы балаларға арнайы кабинетпен қамтамасыз ету жоспарыныңда бар ма?

**Н. Хисин:**

-Ерекше білімді қажет ететін балаға инклузивті оқытуды жүзеге асыруды, қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграциялауды басты назарда ұстаймын деп жоспарлап отырмын. Олай дейтінім қазіргі таңда мектебімізде арнайы ерекше білімді қажет ететін сыйныптарда білім алушыларымыз оқып отыр. Инклузивті оқытуды негізінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыруды да оңтайландыру, толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында арнайы кабинеттерге сұраныс беруді жоспарлап отырмын. Өйткені оларды оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету, мектепте ерекше білімді қажет ететін балаларға кедергісіз аймақ құруды, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылattyн оқу-тәрбие үдерісінің ерекшілігінде ескерген жөн деп ойлаймын.

**2. Г. Мукашева:**

-Алдымыздагы уақытта окушылардың пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысуына қандай ықпал жасар едініз?

**Н. Хисин:** Окушыларға мотивация беру арқылы жүлдегерлерді марапаттау, яғни, үздіктер тақтасына ілу, әлеуметтік желілерде, мектебіміздің жеке сайтына жариялау, вертуалды үздіктер байланысын орнатамын. Халықаралық зияткерлік олимпиадаға қатысқан білім алушылар мен жетекшілеріне мемлекеттік сыйакы тағайындалады, оның ішінде осындай конкурстарға қатысқан түлектерге мемлекеттік грантпен қамтамасыз етуге жағдай жасалады.

**Шешім :**

1.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша М. Өтемісов атындағы орта мектептің бос директорлық лауазымына қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір ауыздан дауыс басымдығымен үміткер Хисин Наурызбек Нурназаровичтың перспективалық даму жоспары қанағаттандырылып, кандидатқа ұсынылды.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:**

Г. Батырбаева

**Мүшелері:**

Г. Ескайырова  
Г. Мукашева  
М. Зулқашева  
Г. Дүйсенова  
С. Шемшиденова  
А. Ермұратова

Ескайырова  
Г. Мукашева  
М. Зулқашева  
Г. Дүйсенова  
С. Шемшиденова  
А. Ермұратова

**Хатшы:**

А. Баймуханова

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің  
«Жалпы білім беретін М. Өтемісов атындағы орта мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

### **Қамқоршылық кеңес отырысының №2 хаттамасы**

**23.12.2021 ж**

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:** Батырбаева Гаухар

**Хатшы:** А. Баймұханова

**Қатыскандар:**

**Қамқоршылық кеңес мүшелері:**

Г. Ескайрова

Г. Мукашева

М. Зулқашева

Г. Дүйсенова

А. Тараболатова

А. Ермұратова

**Қатыспағандар:**

С. Шәмшиденова

А. Сакпаров

#### **Күн тәртібінде:**

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға көмек көрсету
2. Мектеп ұжымына, оқушыларға Жаңа жылдық мерекені өткізуге көмектесу.  
«Қамқорлық» акциясына қолдау жасау.

#### **Тыңдалды:**

1. ҚК төрайымы-Батырбаева Гаухар: Қамқоршылық кеңеске 2021 жылдың Жаңа жылдық шыршаларына қатысатын ата-ана қамқорлығының қалған жетім балалардың тізімін қарастыруды ұсынды.

**- Қ. Р президенті шыршасына:**

-Кисимова Даана- 4 Ә сынып (тольға жетім)

**-Қала Әкімі шыршасына:**

Ахметжан Аида- 3 Б сынып (Аз қамтылған)

Марат Асма – 1Ә сынып (Аз қамтылған)

Мақсотов Ерсұлтан- 5Б (Мүмкіндігі шектеулі)

Шамарова Кәүсар- 5 А (Мүмкіндігі шектеулі)

Махмудова Бақыттүл – 11 Б (Мүмкіндігі шектеулі)

Мақсot Райана- 1 (жартылай жетім)

Жолдасов Ислам – 6Б (жартылай жетім)

Қожагали Мариям - 1Б (жартылай жетім)

Фарифолла Асылхан- 11 А (жартылай жетім)

Арманұлы Эли- 3Ә (жартылай жетім)

Исағалиев Нұрсылтан – 10 Б (жартылай жетім)

Хамидолла Анарыс – 5Б (жартылай жетім)

Ақкөрей Мирхан- 6 Б (жартылай жетім)

Амангелді Женісбек – 8 А (ерекше білімді кажет ететін оқушы)

Балтабай Мәди – 4 В (ерекше білімді кажет ететін оқушы)

2. ҚК төрайымы-Батырбаева Гаухар: Биылғы жылы мектебімізде санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сәйкес Жаңа жылдық мерекені өткізуге болмайтындығы жөнінде және жаңа жылға қатысты сынып сагаттарын «Бір сынып-бір мұгалім» қагидасты бойынша өздерінің сыныптарында өткізілетінін айтып өтті.

Ал қамқоршылық акциясын үйимдастыру, демеушілерден көмек сұрау үшін арнайы сұраныс беру жұмыстарын үйимдастыру, кеңес төрайымының орынбасары Г. Ескайыроваға тапсырылды. Сонымен қатар, қамқорлық акциясын жүйелі турде үйимдастыру үшін, мектептің әлеуметтік педагогі А. Қалидолламен бірлесіп жоспар жасай отырып, шараны ауқымды етіп өткізуге кеңес мүшелері де атсалысу керектігін айтты өтті.

#### **Сөйлеушілер:**

Кеңес мүшесі – Ермұратова Айнагұл : күн тәртібіндегі бүтінгі барлық мәселелер он шешімін тапты деп есептейміз. Мектепте жалпылама жаңа жылдық шырша өтпесе де сыныптарында карантиндік талаптарды сактай отырып, өткіzetіндігін естіп жатырмын. Бұл да болса балаларымыздың денсаулығы үшін қауіпсіз деп есептеймін. Кеңес отырысы барысында ең негізге мәселе ата-анасының қамкорлығының қалған бала – Кисимова Дананың президенттік шыршага ұсынып отырганымызға қуаныш отырмын. Қазакта «Жетім көрсөн-жебей жүр » деген мақал бар, демек бұл ұсыныс онды ұсыныс деп есептеймін.

#### **Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға  
КР президенті атынан, қала Әкімінің атынан 2021 жылдың Жаңа жылдық шыршаларына қатысадын балалардың тізімі бекітілсін.
2. «Қамқорлық» акциясына демеушілерден көмек сұрау үшін, арнайы сұраныс беру жұмыстарын үйимдастыру, кеңес төрайымының орынбасары Г. Ескайыроваға тапсырылсын және мектептің әлеуметтік педагогі А. Қалидолламен бірлесіп жоспар жасай отырып, шараны ауқымды етіп өткізу кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Хатыны:

Г. Батырбаева

А. Баймуханова

## **Хаттама**

2021 жылдың 11 наурыз күні «Жалпы білім беретін М.Өтемісов атындағы орта мектеп» КММ  
«Қамқоршылық кенес» мүшелерінің кезекті отырысы болыш өтті.

**Откізілген орыны:** Зум платформасы

### **Кенес мүшелерінің саны-9жатысканы-7**

Г.Кузекешова	Г.Кузекешова
Г.Ескайырова	Г.Мукашева
Г.Мукашева	Г.Дұйсенова
Г.Дұйсенова	А.Сакпаров
С.Шәмшиденова	А.Тасболатова
М.Зулқашева	А.Ермұратов
А.Сакпаров	С.Шәмшиденова
А.Ермұратов	
А.Тасболатова	

### **Күн тәртібінде:**

- 1.Наурыз мерекелеріне байланысты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға көмек көрсету
2. Мектепке көмек көрсеткен демеушілердің қолданылған қорларын бақылау мақсатындағы қамқоршылық кенес мүшелерінің есебі

### **Тындалды:**

«Қамқоршылық кенес» тәрайымы Г.Кузекешова әлеуметтік коргалуга жататын корғаншылыққа алынған және ата-анасының қамқорлығының қалған окушыга К.Р. Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысы негізіне көп балалы отбасыға көмек көрсету және мектепке көмек көрсеткен демеушілердің қолданылған қорларын бақылау мақсатындағы қамқоршылық кенес мүшелерінің есебінбаяндады.

### **Сөйлеушілер:**

«Қамқоршылық кенес» мүшесі Г.Мукашева сез алыш, әлеуметтік коргалуға жататын корғаншылыққа алынған және ата-анасының қамқорлығының қалған окушы Кисимова Данага пандемиялық ахуалдық жағдайға байланысты мектеп қорынан 35 000 ( отыз бес мың) теңге қаржылай көмек көрсетілгенін сонымен қатар оку жылы басында оку қуралмен қамтамасыз

етілгенін баяндады. Сонын ішінде (карындаш-5, қалам-5, сыйзыш-1, желім-1, сыйзыш-1, даптер-5).

Жаңа жылдық мереке карсаңындақамкоршылыққа алынған окушымызға Қалалық білім бөлімінен жаңа жылдық тәтті сыйлықпен қамтылғанын жеткізді.

«Қамкоршылық кеңес» мүшесі Г.Дүйсенова сөз алыш, окушыға Қ.Р. Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 қаулысы негізінде көп балалы отбасы Утемисов Дүйсембі Мухатовичке көмек ретінде Кузекешова Гулжаннан 50 000 (елу мын) теңге сыйақы берілгенін айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша А.Ермұратов сөз кезегін жалғастырды. Қомақты қаражатты жинақтау үшін арнайы қоғамдық қор құру және Занды түрде тіркелу керектігін атады. Осы түрғыда 2019 жылы «Атырау облысы Әділет Департаментіне «Батыр» қоғамдық корын тіркеу үшін арнайы құжаттар жинақталып, жіберілгендерін атап өтті. Нәтижесінде, Атырау облысы Әділет департаменті тарарапынан №176 бұйрық негізінде «Батыр» қоғамдық корын тіркеу мерзіміне үзіліс жариялау туралы хат келгендерін, мәселенің онтайлы шешілмегендігін айтты.

#### **Қорытынды:**

Қорыта сөз «Қамкоршылық кеңес» төрайымы Г.Кузекешовага берілді. Күн тәртібінде талқыланған мәселелер бойынша көмек көрсетілгенін және алға қаратада осы жұмыстарын жалғастыратынын айтты. Жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға одан әрі көмек көрсету мектебіміздің әлеуметтік педагогы А.Қалидоллаға жүктелсін.

Төрайым:

Г.Кузекешова

Кеңес мүшесі: Г.Мукашева

Кеңес мүшесі: Г.Дүйсенова

Кеңес мүшесі: А.Сақпаров

Кеңес мүшесі: А.Тасболатова

Кеңес мүшесі: А.Ермұратов

Кеңес мүшесі: С.Шемшиденова

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім болімінің «Жалпы білім беретін  
М.Әтемісов атындағы орта мектеп» КММ**

**Хаттама №4**

04.06.2021ж.

**Жиналыстың откен орны:** Зумм платформасы арқылы еткізілді.

Катысуға тиісті: Қамкоршылық кенес мүшелері.

Г.Күзекшова

Д.Кабесов

Г.Мукашева

Г.Дүйсенова

А.Төлегенова

С.Сұлтанова

Ф.Калиева

З.Зұлқашева

А.Маханова

**Күн тәртібінде:**

1. 2020-2021 оку жылындағы мектептің қамкоршылық кенестің жұмысын корытындылау.
2. Қамкоршылық кенес құрамына ұсыныстар.
3. 2021-2022 оку жылына Қамкоршылық Кенесінің жұмысын жоспарлау.
4. 2021-2022 оку жылындағы Қамкоршылық Кенесінің қаражатын жоспарлау.

**Тындалды:**

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кенес тәрайымы Г.Күзекешова хабарлама жасады. Хабарлама барысында 2020-2021 оку жылындағы мектептің қамкоршылық кенесі жұмысын корытындылап, атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оку жылы бойына жоспарлы жұмыстарды атқаруға карантиндік шаралардың да кері әсері болғандығын атады.

2. 2021-2022 оку жылына «Қамкоршылық» Кенес құрамын өзгерту үшін кенес тәрайымы Г.Күзекешова өз ұсынысын айтты. Кенес мүшелері де бұл ұсынысты колдады. Кенес тәрайымы Г.Күзекешова жеке мәселелеріне байланысты өз жұмысын, жауапты тұлғаға тапсыруды жөн көргендігін атап өтті. Кенес мүшелірмен бірлесе отырып, бірнеше ұсыныстар да талқыланды. Ұсыныс барысында кенес мүшелері, мектеппен байланысы өте жоғары, жауапкершілігі мол жас ата-ана ретінде «Қамкоршылық» кенес тәрайымы лауазымына Г.Батырбаеваны қолдан, ұсынды. Сонымен катар, кенес мүшелері де бірнеше жана мүшелермен жаңартылғандығын атап, келесі жана оку жылында бұл ұсыныстың он шешім табатындығына сенім артты.

3. Кенес тәрайымы-Г.Күзекешова, жана 2021-2022 оку жылына кенес жұмысын жоспарлау үшін бірнеше ұсыныстар айтты. Кенес мүшелерінің де жоспар барысындағы ұсыныстары талқыланып, жана оку жылында атқарылатын жұмыстар тізіміне енгізді.

4.Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша кенес тәрайымы Г.Күзекешова хабарлама жасады. 2021-2022 оку жылындағы Қамкоршылық Кенесінің қаражатын жоспарлау үшін арнайы Занды тұрғыда кор ашылу керектігі айтылды. Алайда, бұл мәселе күжаттарды жинақтау барысындағы біраз киыншылықтардың туындалп түрғандығын айтты. Сондай-ак, әлеуметтік корғалуға жататын оқушыларға көрсетілетін көмекті жүйелі түрде үйымдастыру және бұл мәселе күн тәртібінде үнемі карапп түру керектігін накты айтты.

**Сойлеу:**

**1. А.Төлегенова-камкоршылық кеңесінің мүшесі.**

-Бұтін, 1 жыл бойына атқарылған жұмыстарды корытындысын тыңдал, талқыладық. Алайда, пандемияға байланысты біраз жұмыстар тұралап қалды. Алдағы уақытта бұл қыындықтардан аман-есен шығып, мектеп қабыргасына барып, жүйелі жұмыстар атқарамыз деген сенімдеміз.

**2. Г.Мукашева- қамкоршылық кеңесінің мүшесі.**

- Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді бүтін бірлесе отырып, талқыладық деп есептейміз. Жоспардағы кей жұмыстар корантиндік шараларға сәйкес орындалмай қалды. Бірак, алдағы уақытта бұл олқылықтардың орынын толтырамыз деп есептеймін.

**Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:**

1. 2020-2021 оку жылындағы мектептің камкоршылық кеңесінің жұмысы «Қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Қамкоршылық кеңесі құрамына берілген ұсыныстарды жана оку жылында ескеру, ұсыну, тақылау, кенес төрайымы мен мүшелеріне міндеттелсін.
3. 2021-2022 оку жылына жоспарланған Қамкоршылық Кеңесінің жұмысын ұсыну кенес төрайымы Г.Күзекешовага міндеттелсін.
4. 2021-2022 оку жылындағы Қамкоршылық Кеңесінің каражатын жоспарлауды жүзеге асыру, кор ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарды қолға алу кенес төрайымы Г.Күзекешовага тапсырылсын.

**Жиналыс төрайымы:**  Г.Күзекешова

**Жиналыс хатшысы:**  Ұ.Аманова